

АБАТ-БАЙТАҚ НЫСАНЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУ ТАРИХЫ ЖӘНЕ НАСИХАТТАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Құлжігітова А.Қ.

Ғылыми жетекшісі: аға оқытушысы, PhD Молдахмет А.А.

Астана халықаралық Университеті

Астана қ.

Аннотация

В статье рассматривается культурно-историческое значение мавзолея Абат-Байтақ, одного из наиболее священных мест Западного Казахстана, расположенного в районе Кобда, где исторически объединялись роды этого региона. В ходе исследования объект изучался как микрополе (микополь): были выявлены редкие и интересные исторические события, связанные с мавзолеем и людьми, похороненными вокруг него, а также установлены взаимосвязи между ними. Особое внимание уделялось эпиграфическим надписям и их историко-культурной интерпретации; для обогащения исторического контекста использовался эпический труд «Қырымның қырық батыры». На основании собранных материалов определена значимость комплекса как сакрального и мемориального центра, его роль в культурной памяти и истории казахского народа, а также ценность редких исторических сведений о конкретных лицах и родах, захороненных в некрополе. Статья подчеркивает уникальность комплекса, научную ценность исследования и его важность для истории, архитектуры и эпиграфики Западного Казахстана.

Ключевые слова: Абат-Байтақ, некрополь, мавзолей, микрополе, эпиграфические надписи, священное место, Кобда, исторические личности, «Қырымның қырық батыры»

Abstract

The article examines the cultural and historical significance of the Abat-Baytak Mausoleum, one of the most sacred sites in Western Kazakhstan, located in the Kobda region, historically uniting the local clans of this area. In the course of the study, the site was investigated as a micropole (micropol): rare and notable historical events associated with the mausoleum and the individuals buried around it were identified, and the interconnections between them were established. Special attention was given to epigraphic inscriptions and their historical and cultural interpretation; to enrich the historical context, the epic work «Қырымның қырық батыры» was employed as evidence. Based on the collected materials, the significance of the complex as a sacred and memorial center, its role in the cultural memory and history of the Kazakh people, as well as the value of rare historical information concerning specific individuals and clans buried in the necropolis, has been determined. The article emphasizes the uniqueness of the complex, the scientific value of the research, and its importance for the history, architecture, and epigraphy of Western Kazakhstan.

Keywords: Abat-Baytak, necropolis, mausoleum, micropole, epigraphic inscriptions, sacred site, Kobda, historical figures, «Қырымның қырық батыры».


Аспанмен астасқан сайын дала төсінде үнсіз мүлгіп тұрған көне ғимараттар бар. Сол үнсіз ескерткіштердің қойнауында бабаларымыздың асыл сүйектерімен бірге халқымыздың өткені мен рухының ең қастерлі парақтары сақталған. Олар - ғасырлар үшін жеткізуші, тарихтың тілсіз куәгерлері. Осындай баға жетпес тарихи-мәдени мұралардың бірі - Ақтөбе облысы, Қобда ауданына қарасты Талдысай ауылынан шамамен он екі шақырым жерде орналасқан әйгілі “Абат-Байтақ” некрополі мен осы аттас кесене. Бұл қасиетті мекен - халқымыздың рухани байлығының айғағы, ұлт тарихының терең тамырынан сыр шертетін ұлы ескерткіш Абат-Байтақ зираты - өз заманының сәулет өнері мен шебер қолтаңбасының жарқын көрінісі. Бұл қасиетті орын жоспарлық үйлесімімен, көркемдік шешімімен және ерекше құрылымдық келбетімен дараланады. Зираттың дәл ортасында көлемі 9,52×9,8 метр, екі бөліктен тұратын, он бір қырлы дағыралы және конустық күмбезді Абат-Байтақ кесенесі бой көтерген.

Кесене толықтай күйдірілген кірпіштен тұрғызылған, ал ішкі қаланған қабаттарында қаттама кірпіш қолданылған. Кесененің маңында XVIII ғасырда салынған тағы бір ескі мазар бар.

Ол шитті, күйдірілмеген кірпіштен тұрғызылып, сыртқы келбетімен Абат-Байтақ кесенесіне ұқсайды. Халық арасында бұл мазар «Қыз моласы» немесе «Әулие Қыз» деген атаумен белгілі. Кесенеден батысқа қарай XVIII-XX ғасырларға тән 242 құлпытас бар. Бұл әртүрлі ғасырлар әр түрлі тайпалар мен әр түрлі әлеуметтік топтың мүшесі болған бабаларымыз қатар жатқан тарихи қасиеті орын. Олардың беттері қашаулы стелалы тастармен өрнектеліп, әртүрлі композициялық және сәндік шешімдермен ерекшеленеді. Әсіресе, 1848 жылы жасалған құлпытас ою шеберлігінің биік деңгейін көрсетсе, кейбір сәндік элементтер ағаш ою әдісімен орындалған. 1893 жылғы әйгілі құмтас блоктарынан қашалып жасалған құлпытас - сирек кездесетін және бірегей үлгі болып саналады. Абат-

Байтақ ескерткішіндегі құлпытастарда қазақ тілінде араб графикасымен жазылған мәтіндер мен рулық тамғалар бейнеленген. Бұл жазулар - өткен дәуірдің рухани өмірінен сыр шертетін, халқымыздың тарихы мен мәдениетінің мәңгі өшпес куәсі.

Осы бір далаық өркенетпен көшпелі рухы тоғысып тас қашау мен полиграфя өнерінің тоғысқан Абат-Байтақ қорымының бізге белгілі жазба деректерде кездескеніне үш ғасырға жуықтады .1750 ж П.И. Рычков Қобданың бойындағы «Байтан» кесенесі туралы жазған [1, 92 б]. 1911 Ж.А. Кастаньен«Надгробные сооружения киргизских степей» еңбегінде «Абат Байтақ» кесенесінің фотосын басып шығарды.



Сурет-1. И. А. Кастаньенің «Надгробные сооружения Киргизских степей» (1911) кітабында берілген «Абат-Байтақ» пен Кіші Байтақ («Қыз әулие») кесенелерінің жалпы көрінісі [Figure 1. General view of the mausoleums "Abat-Baitak" and "Kyz Aulie" ("Kyz Aulie"), given in the book by I. A. Castanier "Tombstones of the Kyrgyz steppes" (1911)] (Смагулов, 2006).

Г. Герасимов 1947 жылы жартылай қираған кесененің өлшемдерін жасады. М. Меңдіқұлов 1950 жылы кесененің биіктігі 16 м деп жазады .Күмбезді сипатайды [5, 9-11б] . Зерттеушілердің деректерін салыстырғанда, кесененің бастапқы биіктігі туралы пікірлерде айырмашылық бар. М. Меңдіқұловтың мәліметінше, биіктігі 16 метр болған.Ол мавзолейді «орталық-шатырлы» типтегі кесене деп бағалап, оның жоспары сыртқы қабырғалары бойынша 8,13 x 8,25 м квадратты екендігін көрсеткен.Ал 1979 жылы этнограф С.Е. Әжіғали өлшеулері бойынша ол 14,5 метрді құрайды С. Аджигалиев мавзолейді бір камералы портал-купольді құрылым (9,25 x 9,8 м) ретінде қайта қалпына келтіріп, ең толық тарихи-архитектуралық зерттеу жасаған. Ол құлаған бөліктің портал болғанын болжап, осы бөлікте шағын қазба жұмыстарын жүргізген, бірақ нәтижелері порталдың барлығын растамаған. Осыдан соң 1980-жылдардың басында сәулетші-реставратор А. Итенов кесенені консервациялау және реконструкциялау жоспарын әзірлеген. жоспарда ғимарат екі камералы, тікбұрышты жоспармен (9,28 x 12,15 м) көрсетілген. Жоғалған бөлік 5,22 x 2,7 м өлшемді, ал оңтүстік қабырғада 3,59 м ені бар кіреберіс арқылы бейнеленген. Орталық бөлмеге үш есік арқылы кіретін болған: біреуі оңтүстік бөлмеден, екеуі шығыс және батыс қабырғалардан.Осы кезеңде консервациялық жұмыстар басталған,бірақ «реставрациялық» кірпіш ортағасырлық құрылымнан түспен, өлшеммен және құрылымымен айқын ерекшеленген, сондықтан жұмыстар тоқтатылған. [7, 127 б].

2004 жылы археолог Ерболат Смағұлов жүргізген зерттеулер нәтижесінде кесененің бастапқы биіктігі 17,2 метрге жеткені анықталған. С. Аджигалиев кесененің қайталанбас әулет өнерін былай сипатайды “Төменгі негіз бен биік барабанды куполдың контрастты үйлесімі, үш бөліктен тұратын қабырғалардың біртіндеп көлбеу түсуі сәулетшінің негізгі мақсатын көрсетеді - ғимараттың биіктеуіне назар аудару. Теңіздей жазық далада мавзолей ерекше әсерлі көрінеді” [7, 121 б].

“Сыртқы қабырғаның қаптамасы сары және қызғылт кірпіштен салынып, қабырғаларда қарапайым, зигзаг тәрізді өрнектер жасалған. Барабан бөлігінде кейбір кірпіштерде сапасыз көкшіл-түркізгіш глазурь қолданылған, бұл бетінде қарапайым ромб тәрізді өрнек жасаған. Қазіргі уақытта глазурьдың көп бөлігі қабыршақталып кеткен, бірақ бастапқыда ол күн сәулесінде жылтырап, қосымша визуалды әсер берген. Осылайша, мавзолейдің сыртқы бейнесінде үш түс - қызғылт, сары және көкшіл-түркізгіш - үйлесім тауып, ғимаратқа монументалды және талғампаз көрініс берген.” (Жетпісбай, 2016). Мұндай көркем сәулет өнерінің қарапайым адамға салынбайтыны сөзсіз .Кесененің жоғары билік иесіне тиесілі екенін дәлелдейтін тағыбірғажап дерек нысаның негізгі 1-ші орталық Жерлеу ғимараттың гурхана бөлігінің солтүстік жартысының ортасында қабір түбіндегі табыттың ағаш ,темір қалдықтарының арасынан табылған билік символын білдіретін аса тайаққа ұқсас қырлы бастары және сабына арналған дөңгелек втулкасы бар темір булава табылған (сурет 2). Оның жалпы биіктігі - 9,5 см, втулкасының диаметрі - 2,6 см2 .



Рис. 5. Находки в погребении №1
2 - железная булава

“Бұл табылған булава - бірегей олжа, себебі мұндай темір қару-жарақ тек Батыс Қазақстан өңірінде ғана емес, жалпы Азия далаларында да сирек кездеседі. Ғалым Г.А. Фёдоров-Давыдов мұндай қаруды көшпелілерге тән емес деп есептеген. Алайда кейін ол «булавалар-шестоперлерді» қалалық жауынгерлердің қару-жарағының құрамында атап өтеді, әрі олардың дала жауынгерлерінің қаруынан онша ерекшеленбегенін көрсетеді. Осы жағдайда табылған булава қару емес, биліктің белгісі - скипетр қызметін атқарған болуы мүмкін” (Смагулов, 2006).

«Абат-Байтақ» қорымы осы өңірге тән емес ерекше киік күмбезімен ғана емес кесенеден батысқа қарай XVIII-XX ғасырларға тән алтын орда дәуірінен бастау алатын ескі араб жазуымен түркі тайпаларына тиесілі тұлғалармен өрнектелген 242 құлпытас бұл нысанның тарихи құндылығын арттырады. Құлпытастардың құпиясын ашып тұлғаларды оқуды жүйелеуге ғылыми зертеу жұмыстары жүргізілді. «Абат-Байтақ» қорымында жерленген тарихи тұлғаларды анықтау, ұзақ уақыт бойы құлпытастардағы көне араб жазуларын оқуда қиындық тудырып келді. Археолог Н. Жетпісбай - «К вопросу об идентификации погребенных в комплексе Абат-Байтақ» еңбегінде атты мақаласында - шамамен он шақты адамның есімін анықтап, олардың өміріне қатысты деректерді талдаған. Атап айтқанда, ол Құттыбас Төлепұлы, Жаналы Игібайұлы, Тортай және Тотай Аралбайұлы, Атенбек Маралұлы, Асау батырдың баласы Уазир, Мұңайтпас би Бөтенбекұлы, Жантас Мұңайтпасұлы, Булды Жантас әйелі, Айтжан Бекіш қажыұлы және Бермұхаммед Қабылұлы сияқты тұлғалардың құлпытастарын зерттеген.

Зерттеу барысында ғалым эпитафия мәтіндеріндегі деректерді мұрағат құжаттарымен салыстырып, тарихи сәйкестіктерді анықтаған. Бұл құлпытастардағы жазуларды алғаш болып филология ғылымдарының кандидаты Серікбай Қосан оқып, аударма жасаған. Кейіннен Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының ғылыми қызметкері Арай Омарова да жазуларды қайта оқып, нақтылаулар енгізген. Автор өз еңбегінде осыны ерекше атап өтеді (Жетпісбай, 2016: 110).

2004 жылы «Абат-Байтақ» қорымы мен кесенесін Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігінің, Ақтөбе облыстық әкімдігінің, Мәдениет басқармасының және Ескерткіштерді қорғау инспекциясының қолдауымен археологтар, тарихшылар, реставраторлар мен құрылысшылардың қажырлы еңбегінің арқасында бірқатар маңызды жұмыстар атқарылды.

2006 жылы «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы аясында кесене толық ғылыми-реставрациядан өтті. Сол жылы «Абат-Байтақ: қазақ даласының інжу-маржаны» атты жинақ жарық көрді. (Әжіғали, Тұрғанбаева, 2004) 1983 жылы Арабжазулы эпиграфикалық ескерткіштерді зерттеу мен ғылыми айналымға енгізу туралы Әлкей Марғұлан «Наиболее интересные памятники находятся в районе Средней и Нижней Сырдарьи, на противоположных склонах Каратау, в долинах Таласа, Чу, Или, в Центральном Казахстане, на Мангышлаке, в бассейне рек Эмбы, Сагиза, Илека, Хобда, Жаика... Необходимо снять копии с многочисленных надписей на камнях и выпустить фотоальбом» - деп пікір білдірген (Марғұлан, 1983: 3). (Муминов, Медерова, Дүйсенов, 2024).

С.Е. Әжіғали Абат-Байтақ» қорымындағы құлпытастарды қазақ сәулет өнерінің биік шыңы деп бағалайды. Шынында да, әр құлпытастағы арабжазулы өрнек мәтіндер тек жазу емес - тастың сәнін келтірген рухани өрнек, қазақтың көркем ойының тасқа бедерленген айғағы іспетті. Ал шығыстанушы, профессор Ә.К. Муминов эпиграфикалық ескерткіштерді зерттеу мен жариялаудың маңызын ерекше атап көрсетеді: «Эпиграфикалық деректер - халқымыздың әлеуметтік, мәдени тарихының айнасы. Әсіресе, құлпытас жазбалары нақты өмірбаяндық мәліметтер береді: адамның туған, қайтыс болған жылы, шыққан тегі, қасиетті шежіресі, тарихи оқиғаларға қатысы туралы нақты деректерді қамтиды (Муминов, Медерова, Дүйсенов, 2024). Осылайша, «Абат-Байтақ» кесенесі мен оның эпиграфикалық мұралары - қазақ халқының рухани тарихының айшықты беттері, әрі мәдени жадтың мәңгілік куәгері болып табылады

Кесте 1. «Абат-Байтақ» қорымындағы қазақ руларына тиесілі құлпытастардың жиынтық есебі

№	Құлпытастар саны	Ру атаулары	Уақыты (жылдар аралығы)	Ескертпе / Ерекшелік
1	140 тас	Табын	1788-1961 жж.	Қорымдағы ең көп ру; арасында Кете және Ожырай руларынан 5 тас кездеседі
2	24 тас	Кете	1788-1961 жж.	Негізгі бөлігі «Қыз әулие» кесенесінен кейін орналасқан
3	19 тас	Шүрен	Нақты көрсетілмеген	Ең биік құлпытас (285 см, №172) осы рудың Жарты тайпасына тиесілі
4	11 тас	Ожырай	1788-1961 жж.	Кете руының тармағы, бірақ құлпытастарда жеке «Ожырай» деп жазылған
5	9 тас	Қаракесек		
6	5 тас	Шекті	1723-1783 жж.	«Қыз әулие» кесенесіндегі ең көне тас (№002) осы рудан
7	2 тас	Кердері, Қожа, Уақ, Тама, Шөмекей	-	Әр руға 2 тастан; барлығы 10 тас
8	1 тас	Алаша, Адай, Жарты	-	3 руға 1 тастан
9	9 тас	Белгісіз / оқылмайды	-	Ру аты не таңбасы көрсетілмеген

Жалпы қорытынды:

Барлығы 231 құлпытас есепке алынған

Ең көне тас - 1783 жыл (№002, Шекті руы).

Ең жаңа тас - 1961 жыл.

Ең биік тас - 285 см, Шүрен руының Жарты тайпасына тиесілі .

Некрополь аумағында әр отбасының рулық қорымдары өз алдына бөлек орналасқан. Мұндағы ру таңбаларының саны әртүрлі болуына байланысты . 2006 жылы Смагулов Мавзолей Абат-Байтақ: некоторые итоги археологического исследования еңбегінде “XVIII-XIX ғасырларда Ұлы Қобда өзенінің аңғарының едәуір бөлігі Кіші жүз руларының, негізінен Тарақты Табын руының қонысына айналды. Бесқопа өңірі осы рудың Жылықшы Табын атасынан шыққан дәулетті ауылдардың қыстауы ретінде пайдаланылған. Абат-Байтақ некрополіндегі кейінгі кезеңге жататын қазақ құлпытастарының басым бөлігі осы рудың өкілдеріне тиесілі.”; “Көшпелі дәстүріне сай, жаз айларында оңтүстік өңірлерден солтүстіктің құнарлы жерлеріне өзге рулар көшіп келіп отырған. Хобда даласына жаз маусымында Солтүстік-Шығыс Каспий маңынан Кете руы, ал оңтүстіктен Шекті руының кейбір тармақтары және басқа да рулар көшіп келген. Бұл маусымдық көштердің айғағы ретінде Абат-Байтақ некрополіндегі көптеген құлпытастарда Кіші жүздің осы және өзге де рулардың рулық таңбалары кездеседі.”. “Абат-Байтақ некрополінде өз дәуірінің көптеген атақты тұлғалары жерленген. Мұнда белгілі билер мен батырлар, сондай-ақ өз заманындағы қоғамдық-саяси өмірге елеулі үлес қосқан беделді адамдар жерленген.”(Смагулов, 2006)

Осы кестеде көріп отырғанымыздай, Кіші жүздің ру-тайпаларының таңбалары мен жерлеу орындары шоғырланған бұл аймақ - қасиетті өңір болған деп топшалауға болады. Демек, бұл жер сол дәуірдегі жергілікті Кіші жүз ру-тайпалары үшін о дүниемен байланыстырылатын киелі портал ұғымындағы нысан болған деуге негіз бар. Мұны бүгінде осы ескерткіштерді зиярат етушілердің көптігінен де байқауға болады. Құлпытастардағы таңбаларды оқу нәтижесінде сол кезеңнің белгілі би-батырлары мен абыройлы тұлғаларының осы жерде көптеп жерленгені анықталды. Олар өз рулары мен қоныстары алыста орналасқанына қарамастан, әдейі осы кесене маңына жерленген. Осыдан-ақ Абат-Байтақ қорымы жергілікті Кіші жүз элитасының пантеоны ретінде қарастырылғанын байқаймыз.

2016 жылы Жетписбай Н.Б. К вопросу об идентификации погребенных в комплексе Абат-Байтақ мақаласында “Халықтық дәстүрлерге сәйкес, Абат-Байтақ некрополінде өз дәуірінің көптеген танымал тұлғалары жерленген. Әрбір дала тұрғыны үшін дәл осы Байтақта жерлену - үлкен абырой мен құрметтің белгісі саналған”(Жетписбай, 2016) деп сипатайды .Мәселен, үш жүздің би-батырлары мен хан-сұлтандары жерленген Қожа Ахмет Ясауи кесенесі сияқты, Абат-Байтақ кешенін де сол дәстүрдің жалғасы ретінде қарастыруға болады. Сондай-ақ, Абат-Байтақ қорымы қазақ ру-

тайпаларының бірлігі мен сол кезеңдегі мемлекеттік жүйенің тұтастығын айқындайтын культтік-мемориалдық орын болып табылады. “Сонымен қатар, Бесқопа мен Байтақ кесенесі ежелден-ақ Кіші жүз қазақтарының аса маңызды халық жиналыстары - құрылтайлар өткізетін киелі орны болған. Бұл жиындарда өз заманының ең өзекті мәселелері қарастырылған.

1792 жылдың мамыр айында Кіші жүз сұлтандары мен халық арасындағы ең шиеленіскен кезеңде, Сырым Датұлы бастаған халық қозғалысы кезінде, дәл осы Байтақ кесенесінің маңында бірнеше күн бойы бүкілхалықтық құрылтай өткен. Бұл жиында халық бірауыздан Ералы сұлтанды Кіші жүздің ханы етіп бекітуге қарсы наразылығын білдірген. Құжаттарда бұл оқиға былай суреттеледі: «Сол жерден төмен қарай Кобда өзені бойындағы Байтақ деп аталатын қонысқа дейін көшіп барды... сол жерде басқа да көптеген старшындар мен халық жиналып, ұлы жиын өтті...» (Жетписбай, 2016).

Ата қолдаған әруақты жерде өткен келеі жиының алды арты тек осы емес. Жетписбай Н. осы өңірде өткен үш жүздің тағы бір жиыны туралы жазады. 1869 жылы қазақ даласын басқару жөніндегі Жаңа Ереже енгізілген кезде, Мұнайтпас Бөтенбекұлы көне дәстүр бойынша сол жылдың қаңтар айында Бесқопадағы өз қыстауында 500 би мен ақсақалды шақырып, аталған Ережені қабылдау немесе қабылдамау мәселесін талқылау мақсатында кеңес өткізген. Екі күнге созылған бұл Бесқопадағы құрылтай кейін 1869 жылғы Батыс Қазақстандағы ірі қарулы көтеріліске алып келген маңызды оқиғалардың бірі болғаны сөзсіз (Жетписбай, 2016). Қазақ тарихында ерлік пен ерліктің даңқын асырған осы бір бұлғақтың басында болған Мұнайтпас Бөтенбекұлының және осы әулетен бірнеше тұлғаның құлпытасы бар. Бұл қорымның сол кезеңдегі рухани, саяси өмірдегі маңызан айқындайтын дерек. Біз қарастырып отырған нысаның танмалдық ие болуы оны атауына байланысты аңыз әңгімелердің көптігіменде білінеді.

Қорымдағы негізгі нысан, яғни қорымның қалыптасуына негіз болған Абат-Байтақ кесенесінің қорым атауына негіз болғанын топшылау қиын емес. Ал осы «Абат-Байтақ» атауының шығу тегі тілдік қолданысына байланысты бірнеше аңыз бар. “1896 жылы Я. Полферов тарапынан жазылып алынып «Торғай газеті» бетінде жарияланған. Ал XX ғасырдың басындағы белгілі зерттеуші И. Кастанье, Полферовтың еңбектеріне сүйене отырып, осы нұсқаның толық әдеби нұсқасын өз еңбегінде келтірген. Аталған аңыздарда Байтақ - әйгілі Бату ханның туған бауыры, жас әрі айбарлы, бірақ қатал мінезді қолбасшы ретінде суреттеледі”. (Смагулов, 2006). Тағы бір нұсқада “Асан Қайғының ұлы - Абат батырға тиесілі деп саналады. Ескерткіштің атауына қарағанда, жерлеу құрылысын белгілі тарихи тұлғамен сәйкестендіру мәселесі, шамасы, шешілген сияқты. Асан Қайғы мен Абат - Батыс Қазақстандағы қазақ-ноғай ортасында кенінен танылған тарихи тұлғалар. Абат мырзаның есімі 1481 жылмен даталанған Қырым ханы Менлігерейдің Литва ұлы князі мен поляк королі Казимирге жолдаған хатында да аталады”. (Смагулов, 2006). “«Байтақ» атауының мәніне қатысты бірқатар аңыздар мен түсініктер белгілі зерттеулерде [2, 60-б.] келтірілген. Бұл аңыздардың басты желісі - мавзолейдің барша халықтың күшімен, аз уақыт ішінде тұрғызылғаны, сол себепті оған «Байтақ» - яғни «всенародный», «халықтық» деген атау берілгені туралы.” (Смагулов, 2006). Абат батырдың есімі сондай-ақ көптеген аңыздар мен тарихи жырларда кездеседі. Ол ноғай-қазақ дәуірінің батырлық эпостарының бірі - «Қырымның қырық батыры» цикліне енген қырық ердің бірі ретінде сипатталады.

“Мұрын жыраудың «Қырымның қырық батыры» топтамасының «Асанқайғы, Тоған, Абат» эпосындағы Абат батыр:

Ерегескен дұшпанға
Соғыс салып қарайын.
Алыс сапар шегіп жол,
Әуелі халқым, екінші
Ата менен ана үшін
Дұшпанға бермей кегімді,
Төгілмес беттен ар үшін,
Қатын мен бала үшін,
Жерге тамар қан үшін,

Желге кетер мал үшін-деп толғанады” (Айнұр Кошекova, Перизат Ертаева 2020)

Бұл деректер қорымның жергілікті халықтың санасында қандай қасиеті нысан ретінде қабылданғанын елестетуге болады. Ескерткіштің осы өңірде аса таны мал мінажат орнына айналуы және саяси мәдени оқиғалардың тұрақты орталығын айналғанын ежелгі көшпелілердің, түркілермен сақтардың мұрты обаларда құрылтай өткізіп бірнеше жыл сайын патша орғандарында ас беріп құрбан шалып тұрған далалық сананың жалғасы деп түсіне аламыз.

«Абат-Байтақ» қорымы - Қазақстанның батыс өңіріндегі тарихи және мәдени тұрғыдан аса маңызды ескерткіштердің бірі. Бұл нысан тек сәулет ескерткіші ғана емес, сонымен қатар Батыс Қазақстандағы рулардың бірігуін дәлелдейтін археологиялық және эпиграфикалық кешен болып табылады. Қорым аумағындағы құлпытастардағы жазулар, таңбалар мен бейнелер - сол кезеңдегі рулық құрылымдардың, туыстық байланыстардың және діни наным-сенімдердің нақты материалдық айғағы. Абат-Байтақ кешеніндегі тас мүсіндер мен құлпытастардың орналасу жүйесі, ою-өрнектік ерекшеліктері және мәтіндік эпиграфика деректері - бұл ескерткіштің рулық ұйытқылық орталығы болғанын көрсетеді. Ғылыми зерттеулер мен археологиялық деректер қорымның XV ғасырда өмір сүрген тарихи тұлғалармен, соның ішінде Асан Қайғы мен оның ұлы Абат батыр есімімен байланысты екенін айғақтайды. Бұл мәліметтер кешеннің тек діни және мемориалдық мәнін емес, сонымен бірге аймақтық әлеуметтік және этникалық бірлікті нығайтқан орталық болғанын дәлелдейді.

Менің туып-өскен жерім - Ақтөбе қаласы болғандықтан, бұл тарихи нысанның болашағына бей-жай қарау мүмкін емес. Абат-Байтақ кешенін ғылыми тұрғыдан жүйелі зерттеу, археологиялық және архитектуралық тұрғыда сақтау, сондай-ақ оны тарихи-мәдени туризм нысанына айналдыру - өңірлік және ұлттық деңгейде өзекті мәселе. Сонымен қатар, құлпытастардағы өрнектер мен белгілерді цифрлық форматта тіркеу және олардың символдық мағынасын талдау - қазақ тас қашау өнерін халықаралық деңгейде танытуға мүмкіндік береді. Қорытындылай келе, «Абат-Байтақ» - тек мемориалдық кешен емес, ол қазақ халқының тарихи жады мен рухани тұтастығын айғақтайтын ғылыми құндылық.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Әжіғали С.Е., Тұрғанбаева Л.Р. Абат-Байтақ - Қазақ даласының інжу-маржаны / Абат-Байтақ - жемчужина Казахской степи. - Алматы: Taimas Print House, 2004. - 32 с.
2. Жетписбай Н.Ы. К вопросу об идентификации погребенных в комплексе Абат-Байтақ // Edu-history.kz. - 2016. - № 2(6). - 112 с.
3. Көшекова А., Ертаева П. Қаһармандық эпостағы батырлар және олардың тұлпарлары // Uluslararası Türk Dünyası Araştırmaları Dergisi. - 2020. - Т. 3, № 2. - Б. 74-84.
4. Маргулан А.Х. О значении эпиграфических памятников Казахстана // Известия АН КазССР. Серия филологическая. - 1983. - № 2. - С. 1-6.
5. Мендикулов М. Некоторые данные об исторической архитектуре Казахстана // Известия АН КазССР. Серия архитектурная. - 1950. - Вып. 2. - С. 9-11, 18. Его же. Памятники архитектуры Казахстана с коническими или пирамидальными куполами // В сб.: Архитектура республик Средней Азии. - Москва, 1951. - 234 с.
6. Медерова Д.Е., Дүйсенов Б.Д. Арабписьменные эпиграфические памятники некрополя «Абат-Байтақ» как языково-культурный источник постзолотоординских обществ // Отан тарихы. - 2024. - № 27(2). - Б. 517-530.
7. Смагулов Е.А. Мавзолей Абат-Байтақ: некоторые итоги археологического исследования // Известия Национальной академии наук Республики Казахстан. Серия общественных наук. - 2006. - № 1. - С. 126-135.
8. Топография оренбургская, т.е.: обстоятельное описание Оренбургской губернии, сочинённое коллежским советником, корреспондентом Императорской Академии наук Петром Рычковым. - Ч. 1. - СПб., 1762. - 515 с.

«ТАРАЗ» АТАУЫНЫҢ ШЫҒУ ТЕГІ МЕН ОНОМАСТИКАЛЫҚ МАҒЫНАСЫ

Маликов Д., Зейнетаева Т.

Ғылыми жетекші: Астана халықаралық университетінің аға оқытушысы,

PhD - Молдахмет А.А.

Астана халықаралық университеті

malikovdaniel478@gmail.com, tanshozeinetaevaaaa@gmail.com

Астана қ.

Аңдатпа

Тараз қаласының атауының шығу тегі мен ономастикалық мәні тарихи жазбалар, араб, парсы және қытай деректері, сондай-ақ археологиялық мәліметтер негізінде жан-жақты зерттелген. Мақалада Тараздың ежелгі атаулары-Талас, Банки, Йанги- қарастырылып, олардың тарихи ролі, саяси және